

800,512,122
0-58

АСАН ОМАРОВ

ҚАЛЬЦ ЕЛПІМ, ҚАЗАҒЫМ...

ПУБЛИЦИСТИКА

Астана 2011

АСАН ОМАРОВ

ҚАЛЫң ЕЛІМ, ҚАЗАҒЫМ...

ПУБЛИЦИСТИКА

Астана 2011

**УДК 070
ББК 76.01
О-58**

**Автор: Асан Қайырбекұлы Омаров,
журналист-ғалым.**

**Омаров А. Қ.
О-58 Қалың елім, қазағым...(публицистика) – Астана, 2011. – 208 б.**

ISBN 978-601-7321-16-1

«Қалың елім, қазағым...» жинағына журналист-ғалым Асан Омаровтың әр жылдары жазылған публицистикалық мақалалары іріктеліп алынды. Тәуелсіздіктің жиырма жылы, ондағы асулар халқымызға оңайға түскен жок. 1990-жылдардың басында мейлі, кім жазса да, қай тақырыпты тербесе де ұлттың рухын оятып, жігерін жану басты назарда болғаны хак. Олар сол кездердің жылнамасы есепті. Алдарыныңдағы кітапта бұрылышты, ұлы дүбірлі уақыттың лебі, тынысы сақталған, атап айтқанда, онда ұлт тағдыры, ауылдың хәлі, тіліміз берен дініміздің ахуалы, тарихтың актандақтары, Семей полигоны сияқты тақырыптар қамтылған. Журналистік зерттеу мен ақыл-ой енбегіне шақыратын сараптау материалдар өз алдына бір төбе.

Кітаптың оқырманды бей-жай қалдырмасы анық. Белгілі абайтанушы ғалымның жедел жанрда тербеген қаламы, өрбіткен ойлары қалың жүргіттың ойын тап басып, көңілінен шығады деп сенеміз.

**УДК 070
ББК 76.01**

ISBN 978-601-7321-16-1

**©А. Қ. Омаров, 2011
© «Мастер Пo» ЖШС, 2011**

МАЗМҰНЫ:

| | |
|--|----------|
| Алғысөз | 4 |
| | |
| <i>Бірінші бөлім</i> | |
| ТАҢСӘРІДЕ | |
| Қазақ мектептерін ашу қарқыны неге төмен? | 6 |
| Көсегеміз қайтсек көгермек? | 10 |
| Ауылға бетбұрыс бола ма? | 17 |
| Көне Семей болған ба? | 25 |
| Семей қаласының жасы туралы тұжырымдама..... | 33 |
| Семь палат – древний град | 36 |
| | |
| <i>Екінші бөлім</i> | |
| УАҚЫТ ҮНІ | |
| Полигон көрші қонған туған өңір | 47 |
| Семей полигоны және Курчатов | 54 |
| Абылай хан және Тәуелсіздік | 65 |
| «Шыңғысхан» телесериалының сабактары | 81 |
| Ұлы мақсат және оның күрбандары | 92 |
| Торжорғаның хикаясы | 107 |
| Үшінші оқ | 115 |
| Ол өлімі арқылы да қазаққа зор сабак қалдырып кетті | 121 |
| Конфуцийдікі ашылды, Абайдікі қашан ашылар екен? | 130 |
| Дана және пенде | 131 |
| Ана тіліміз - Тәуелсіздіктің мұраты ма, жоқ әлде?..... | 134 |
| Діндарлықты өрістету – уақыт талабы | 138 |
| Қазағым, қайда барасың? | 146 |
| Бакуде неліктен женілдік? | 154 |
| Діни киім – хиджаб жайынан | 157 |
| | |
| <i>Үшінші бөлім</i> | |
| ӨМІР ӨТКЕЛДЕРІ | |
| Аскак рух және Тәуелсіздік | 162 |
| Ядролық полигон күрбандары | 171 |
| Әкеміздей болған ұстаз бейнесі жүргегімізде сактаулы | 179 |
| Халқыма қаламмен қызмет етемін | 196 |
| Кто он? Технарь, историк или журналист? | 201 |
| Бата, лебіздер | 204 |

АЛҒЫСӨЗ

Алдарыңыздағы публицистикалық топтамалардан тұратын жинақ үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде 1991-1994 жылдардағы алаң-еленде, яғни ескі қоғамдық құрылым толық күйреп, ал жаңасы әлі қалыптаспаған кезеңде жазылған материалдар топталған. Бөлімнің «Таңсәріде» деп аталғаны да сол.

«Уақыт үні» атты екінші бөлімде ұлттың бүгіні мен ертеңі, тілдің, діннің толғакты мәселелері, қысқасы, қоғам дамуының бел-белестері сөз етіледі.

Ал, «Өмір өткелдері» деген үшінші бөлімде негізінен өміrbаяндық эсселер мен жазбалар желі тартады.

«Қалың елім, қазағым» атты кітапты құрастыруды қолға алуымның себебі мынау: биылғы жазда, құдай қаласа, 60 жасқа толамын. Тағы бір дата - шығармашылығыма тұра 20 жыл. Алла жар болып пешенемізге бұйыртқан Тәуелсіздікке түйдей құрдаспын бұл жағынан. Қырық жасқа толған соң, мен пақыр инженер мамандығына, ұстаздық жұмысқа қолды бір сілтеп, баспасөз, журнал саласына жалт бұрылдым. «Доцент» деген жылы орнымды сұытқан сырымды, жайымды былайша жеткізбек болдым:

Қырықта алаш рухынан көз аштым, ояндым,
«Дүниеге не үшін келгем?» деп қатты ойландым.
Тәуелсіздікті бөркімді аспанға ата қарсы алып,
Хақтық! Сен үшін мал түгіл, басымды байладым.

Таяуда, жинақты даярламақ болып, сарғайған газет беттеріндегі мақалаларға, осыдан 15-20 жыл бұрын Семей зоотехникалық-малдәрігерлік институтында доцент қызметін атқарып жүріп жазған дүниелеріме шолу жасаған едім. Олар құтты бүгінгі таңда жазылғандай, тіпті сиясы да кеуіп үлгермендей әсерге бөлендім. Өзім де аң-таңмын, «бұл қалай?» деп. Гәп сонда, бұрын көтерілген руханият мәселелері қазір күні шешілді, болды, бітті деуге ерте. Мысалға алғаш рет қалам тербеген тырнақалды дүнием «Қазақ мектептерін ашу қарқыны неге төмен?» деген 1991 жылдың 13 сәуірінде

жазылған мақаланы алайық, онда баяндалған тіл мәселесінің көгергені кәне? Сондай-ақ, 1993 жылғы «Көсегеміз қайтсек көгереді?», «Ауылға бетбұрыс бола ма?» деген толғамдар бүгінгі азық-түлік тапшылығы қысқан шақта ескірмек түгіл, керісінше, уақыт талабына айналуда.

Очерк, эссе, мақалалар, мұны өздерініз де байқайсыздар, ештеңеге қарайламай жазылды. Сол кездегі заман тынысы, лебі сақталып қалуы үшін бұрынғы жазылған мақалаларға өзгерту, түзету жасамадым. Кезінде газет, журнал беттерінде қалай жарияланса, үтір, нұктесіне дейін солай беруге тырыстым.

Назар аударғым келген тағы бір жэйт, алдыңғы кезеңдегі ой-толғамдар мен соңғы жылдары жазылған «Ана тіліміз - Тәуелсіздіктің мұраты ма, жоқ әлде?...», «Абылай хан және Тәуелсіздік» атты туындылар өзара үндес, сабактас. Олай болатыны, құяр сағасы, арқау желісі, алтын қазығы бір. Ол – «қалың елім, қазағым, қайран жұртый» (Абай) қайтсек берекелі ел болады деген ақ ниет, дара ұстаным, жалғыз мәселе.

Автор

ТАҢСӘРІДЕ

ҚАЗАҚ МЕКТЕПТЕРІН АШУ ҚАРҚЫНЫ НЕГЕ ТӨМЕН?

Жуырда осы проблемаға арналған жазушы Сұлтанәлі Балғабаевтың «Ана тілі» газетіндегі (1991 жыл, № 13) мақаласын оқыған соң мен де өз пікірімді ортаға салғанды жөн көрдім. Осы аталған газеттің былтырғы, алғашқы нөмірлерінің бірінен оқыған түрік тілді халықтарды зерттеген миссионер ғалымдардың (Мелиоранский, т.б.) «қазак даласын тыңғылықты игеру үшін, окуды және іс қағаздарын тек орыс тілінде жүргізу керек» деп пайымдағаны есімде қалыпты. «Асқан көрегендікпен айтылған» бұл ақылдың Н. Хрущевтің солақай саясаты кезінде іс жүзіне асырылғаны жүртшылыққа аян. Бұл істің тілге ғана емес, ұлт тамырына шабылған балта екені бүгінде айқындалып отыр. Алайда зымияндық саясат салдарын кезінде оп-оңай жабылған қазақ мектептерін қайта ашып қатарын көбейту қын шаруаға айналуда.

Бұның көзге көп ілікпей жүрген бір себебі – ұлттық сана-сезімнің әбден езіліп-жанышылуында, яғни ұлттық нигилизмде жатқан сияқты. Ұлттық нигилизм деп, өз тарихынан, мәдениетінен, әдет-ғұрып, дәстүр, діни сенімінен, жалпы мындаған жыл жинаған рухани дүниесінен аласталған халықтың өз күшіне сенбеушілігін айтады. Рухани байлығын қастерлеп, қорғаштап, қатаң сақтаған елде, жеке семьяда сананың сөніп, тілдің өшпейтінін арамыздағы армян, еврей, кәріс т.б. шағын ұлт өкілдерінен көріп те жүрміз.

Ұлттық сана-сезімнің құлдырауына, рухымыздың орталануына әкеп соққан интернационализм, патриотизм, кіші және үлкен Отан, қостілділік, батыс мәдениетінің ерекше ролі т.б. ұғымдардан құралған тәрбиелеу жүйесінің кері әсерін айтпасқа амал жоқ. Бұлардың арасында тек ұлттық өнер,

шешендік, көсемдікке ғана орын қалмаған сияқты. Айтылған ұғымдардың саясаттық бұрмалауға байланысты бастапқы мәні мен мағынасы өзгеріп кеткен. Мысалы, екі тілге бірдей қамқоршы болуға тиісті, өзін интернационалист санайтын адамдар ұлт мектебін аштырмай аяқтан шалады, ал санаға сілкініс туғызатын ой, пікір, істерді «национализм» (кейде «экстремизм») деседі. Кешегі отарлану саясатының жаңғырығы, қанымызға сініп, санамызда сірескен баяғы жаман әдет бұл.

«Қос тілім-қос қанатым» деген абзал ұғымы тек аз ұлтарға ғана арналып, ал М. Әуезовтың «өз тілін білмейтін адам мәдениетті адам санатына қосылмайды» дегені ұмыт қалуда. Жазушының ұлағатты алдымен өз тілінді біл, сонда ғана көгересің, мәңгүрт болмайсың, сонда ғана батыс пен шығыс мәдениеті ұштасып, сені толықтырады деп мензегені емес пе.

Ал қазіргі өз тілін өзі білмейтін қазақтар ұлттың үштен бірін құрап отырған сормандай, масқара жағдайда «біз қостілдіміз» деп кеуде керудің, бұл ұлттық ерекшелігіміз деп куанудың қисыны қайсы? Қазақ тілін білетін орыс ұлтының өкілін табу қандай қын болса, «қостілді» емес қазақты да табу да сондай қын қазір.

Кең таралған «орысша білмеген бала қындық көреді» деген ұғым қалмай-ақ келеді. Бүгінгі күнде орысша оқып, ұлт мәдениетінен, даналығынан қол үзіп, әрісәріді қалған баланың нағыз қындық көретінін, керісінше мектепті өз тілінде бітірген баланың жолы болып тұратынын көрсек те көрмеген боламыз. Бүгінде қай салада, қандай істе болса да мектепті қазақша бітірген азаматтардың бас болып жүргенін айтудың өзі артық болар, тіпті мұны ана тілінің құдыреті ме деген ойға қаласың. Шынында, ана тілінің адамның рухани негіздерін қалайтыны, ал басқа тіл өмір сүруге болысатын құрал ғана еkenі ғылымда белгілі. Орта мектепті өз тілінде бітірген адамда ұлттық рухани дүние орнайды, әрі қарай мейлі орысша, мейлі ағылшынша оқысын, ол негіз өзгермейді. Ал бірінші кластан орысшаға барған баланың қайтып үйірге қосылмайтынын

ескерте кету керек. Екі ғасырдан астам халықты басқан бодандықтан туған теріс ұғымдар туралы болашақта тиянақты зерттеліп жазылатыны даусыз.

Қазақ мектебі туралы сөз болған жерде, кітап жоқ, мектеп дайын емес деген себептер айтылады. Иә, қазір окулықтар жеткіліксіз, бірақ соғыстан кейінгі қын жылдардан белгілі, білім берусапасы, кітаптан емес, ұстазға байланысты екенін ұмытпайық. Ал мектеп жәйін шешу, қалың көпшіліктің талап етуіне, тіпті жеке адамның белсенділігіне тікелей байланысты.

Дәлелге Жаңасемейдің цементшілер поселкесіндегі № 39 орыс орта мектебін алайық. «Семей таңы» куана жазғандай, аталған таза орыс мектебі тез арада қазақша мектепке айналған бастады. Оған мектеп директоры Ұзақова Айман Үбырайқызы тікелей себепкер болды. Егер аталған мектептің маңайында қазақ ұлтының аз шоғырлануын ескерсек, бұл таңғаларлықтай іс еді. Эрине, бұл істің оңай болмағаны түсінікті, бірақ та аяулы Айман қарындасымыз қарсыластарын құтты Қабанбай батырдай ықтырып өтті. Неге өйтпесін?! Бір тілдің екінші тілге зомбылығы әділетсіздік емес пе. Мұны қалың бұқара халық көрмей, білмей, іштей сезбей отырмағаны айдай анық. Білмегенсіп отырғандар, көбінесе, орыс тілді халықтың атқамінер топтары сияқты. Бұлар біздің егемендік алу, газет шығару, Наурызды мейрамдау, көше аттарын өзгерту т.б. шуылдасып шауып жүрген шараларымызды құптағанмен, дәл балабақша мен мектеп ашу ісіне келгенде мықтап қарсылық көрсетуде.

Мектепті саяси сахнадағы басты кейіпкер, ал басқа шараларды тек оның әшекейі деуге әбден болады. Расында, болашақта да мектеп жағдайы түзелмесе, онда егемендік алып, шылқыған бай елге айналған күннің өзінде де, ұлттық мемлекет болуымыз екіталай. Өйткені, өз тілінен айрылып, сормандаған ел болып, өздері құмға сіңген судай жоқ болған өткен дәуірдегі халықтардың (скиф, сармат, жонғар т.б.) да, өзіміздің Совет Одағы тарихы да соны айтып тұр емес пе. Мысалы, 1926 жылғы санақта Одақ бойынша 200 ұлт өкілі

барлығы белгіленсе, 1976 жылғы санакта небәрі 101 ұлт өкілдері қалғаны мәлім болды.

Осы орайында, бір көріністі айта кеткім келіп отыр. Автобус ішінде екі қазақ аракідік қазақша сөз араластырғаны болмаса, өзара орысша түсінісп отырды. Тіксініп қалдым. Жастар болса бір сәрі, егде адамдар. Бәлкім, 3-4 қана қазақша мектебі болған Семей сияқты қалаға бұл занды да құбылыс шығар. Дегенмен, тілдің осынша аяққа басылуы мені ойға қалдырыды. Әсілі, қазақ тіліндегі ауыр халдегі тілді Азия тұрмак, Африка елдерінен де таппайтынымыз анық.

Ұлттық тұстастықтың қожырауын студент жастардан көріп жүрміз. Оларды тілді меңгеру деңгейіне орай, үшке бөлуге болады. Біріншісі, қазақ тілді ортада қазақ мектебін бітірген жастар, бұлар ұлттық сана, дәстүрді жалғастыруши негізгі лек және жүре келе орыс тілін де игеретін шынайы қостілді адамдар. Екіншісі, қазақ тілді ортада орыс мектебінде оқыған жастар, бұлардың ерекшелігі қаз дауысты Қазыбек би естісе есінен танардай тіл қойыртпағымен сөйлеуінде. Үшіншіге орыс тілді ортада орыс мектебін бітірген жастар жатады. Бұлардың өз тілі, мәдениетінен мұлде айрылған саясат құрбандары екенін көру-білу оп-оңай, түрінен басқа өз халқының өкілі дейтін ештеме қалмағаны менмұндалап тұрады.

Ұлттық сана, мектеп және тілдің тамыры мен тағдыры бір, бірінсіз бірінің күні жоқ егіздер. Түрік халықтарының ортасында еркін өскен қазақ халқының тілі өте бай, шүрайлы да терең, болашағы мол тіл деп көптеген зерттеушілер өткен ғасырда-ақ атап кеткен. Соңғы отыз жылда ғылым мен техника жолынан шеткерілеудің салқыны айқын сезілсе де, салалық оқулықты (өз басым «Мал шаруашылығын механикаландыру» атты оқулық әзірледім) жазып жүрген біздер тіліміздің кең тынысын, ауқымын байқадық. Жоғары білімді ана тілінде жалғастырған студенттердің түсіну, үлгеру деңгейінің анағұрлым артық екені де қуантады.

Біраз мәселелерге тоқталып оларды тәптіштеп жазғандағы мақсатым, қалың қауымның назарын мектеп ашу ісіне аудару, оның кезек күттірмейтін шаруа екенін тағы да баса айтЫП, еске

салу болып отыр. «Қыруар жұмыс істеліп жатыр», «сарыуайымшыл болмайық», «көш жүре түзеледі» деген сөздерді естіп жүрміз. Бірақ мұндай жайбарақаттыққа тарих уақыт бөлмейтін сияқты.

Құрметті ата-аналар, балаларыңызды ана тілінде оқытыңыздар, кітап, мектеп жоқ деген сылтауларға еріп, олардан рухани мүгедектер жасауға жол берменіздер. Осы мақаланы сөз басында аталған жазушы С.Балғабаевтың: «Ұлтты ұлт ретінде жойылудан аман алып қалатын мәдениет те, өнер де салт-дәстүр де емес, мектеп. Ана тілінде оқытатын мектептер!» деген жанашыр сөзімен аяқтауды жөн көрдім.

Асан Қайырбекұлы ОМАРОВ,
техника ғылымдарының кандидаты,
Семей зоотехникалық-малдәрігерлік
институтының доценті.

*Автор осы мақаласының қаламақысын
қалалық «Қазақ тілі» қоғамының қорына аударады.*

Ескерту: Бұл көзіме ыстық көрінетін тұңғыш туындым. Мақала «Семей таңы» газеті бетінде 1991 жылғы 13 сәуірде, яғни Ел тәуелсіздігінен жарты жыл бұрын жарияланғанын мақтанышпен айтқым келеді.

КӨСЕГЕМІЗ ҚАЙТСЕК КӨГЕРМЕК? (қазіргі қала мен дала туралы ой-толғау)

Тәуелсіздік таңы атып, Ата Заңымыз күн сәулесіндей шуағын түсірген жарқын дәуірді көруді жазыпты тағдыр мандайымызға. Жаңа өмір бастауы - осы шуақты таңға қазақ елі ғасырлар бойы қабаттасқан ауыр жүгімен жетіп отырғанын да баршамыз көріп, біліп отырмыз. Иә, өтпелі қын кезең. Мақала жазу да қын. «Қасқа жолың мынау» деген сәуегейліктен, күр ақылгөйсүден сақ болғың келіп, күзеу мен түзеуді көбейтесің. Алмағайып заманда аңтарылып отырғанымызға наразылық па, жоқ әлде он мен солды айыруға мұрша бермей тұрған тұманды сейілтіп, әр нәрсені өз орнында

көрсетсем деген ізгі ниет пе, әйтеуір, қайта-қайта жазу үстеліне жақындаған бір сезім болды менде. Айтпағым, ой-пікірімде аңғалдық та жоқ емес шығар, әйтеуір, дағдарыстан шығар жол іздеуге бір септігі болса деген үмітпен жазып отырмын.

Табиғат байлығы мен Алланың адамға берген шексіз ойлау қабілеті мен керемет жасампаздық қасиетін қару-жарақ пен көлік түрлерін жасауға бейімдеп алған Еуропа осыдан үш ғасырдай бұрын аш қасқырдай тіміскіленіп, әлемді кезіп кетті (садан бері толастамаған қару-жарақ легіне кеткен қаржы топыраққа жұмсалса, әрине, жер шары гүл-бақшаға айналар еді. Керісінше, табиғатты ойрандауға бағытталған қайран күш-қайрат десеңізші!). Алақандай Еуропа өзінен әлдекайда үлкен дүние Азияны жағадан алсам, яки отарласам деп ниет етті. Жер-Ана тыныштығын, адамзаттың қалыпты даму жолын жаһандық денгейде бұзып, сапырылысқа түсірген, «ұлы дүрмек» осылай бастау алған-ды.

Жаратқанның жазуы, сірә, бұл дүрмекті дер кезінде тоқтатар күш табылмаған. Дүлей құйын-күш үдей келе жұмыр жерді нағыз көкпар алаңына айналдырды. Екі дүниежүзілік соғыс өрті адамзат қоғамының ең қасиетті құқықтарының аяқасты болуы, қоршаған ортаның улануы - бәрі болды осы ғасырда. Адамзаттың көш-керуені тек рухани жүктен тенделіп, осы болмыспен оналатыны рас болса, осы ғасырды өркениетті деуге ауыз бармайды, біз тек материалдық дүние жетілуінің ғана күәсіміз.

Тегі, рухани болмысты өркендетуге емес, табиғаттың түбіне жетуге жетелейтін материалдық прогресте мағына қайсы? Осы ғасырдың женіл мәшинесін мінген адамның өзін, мәселен, он бесінші ғасырдың жүйрік атын мінген оғланнан өркениетті, иә болмаса бақытты санап жүргені несі?

Құдайшылығын айтайықшы, «бақытты болашақ» жасау деген не? Ол алда әлдебір мәре түрғандай жанталасып жарысу емес, бар болғаны келесі толқын ұрпаққа ауа мен суды таза күйінде аманат ету емес пе еді?

«Ұлы дүбір» құйынынан азып-тозып, құдай қолдауымен «әупірімдеп» әрен жан сақтаған қазақ еліне енді осы дүбір

әсеріне қарсы тұрып, тосқауыл қойған жараспай ма? Айтпағым, ең тиімді деген өндіріс саласының өзі, мәселен, мұнай алу я ракета ұшыру табиғатты тоздырумен байланысты. Онда алдымен, уланған бір текше су я ауаны тазарту қандай шығын әкеледі деген өлшемді неге алға қоймасқа? Көк түтінді будатқан зауыттан түсетін пайда, денсаулықты емдеуге керек шығыннан көп аспайды, табиғатты алдай алмайсын, оның өз есесін қалайда қайырары айдан анық.

Экологиялық саясат қажет екендігін дәлелдей алатын мынадай оқиғаны алға тартайын. Бұл Солтүстік Қазақстан облысындағы бір аудан дәрігері жасаған тәжірибе туралы естіген шағын телехабар. Монголиядан көшіп келген және жергілікті отбасылардан 150-ден балалар алып, дәрігер қатар тексеру жүргізген еken. Тексеру нәтижесінде бірінші топтағы балалардың бірде-бірінің денсаулығынан ақау табылмаған, ал екінші топтағы балалардың үшінде ауруға шалдықпағаны, құлан-тазасы жок екендігі анықталған. Ал, керек болса, бұған қайран қалғанын дәрігердің өзі де жасырған жоқ.

Басқа облыстардағы ахуалдар бұдан да нашар екені өзімізге белгілі. Ал осыдан небәрі жарты ғасыр бұрын қазақ даласы Баян-Өлгей тәрізді таза аймақтың бірі болатын.

Айтып-айтпа, «ұлы дүбірдің» улы әсері есті жиғызбай отыр. Жылтырағанның бәрін өркениет деп түсіну отырған бұтағымызды өзімізге кестіріп жатыр. Табиғат пен жердің мәңгілігі қандай ақиқат болса, ең озық технология, техника, тіпті жаңа экономикалық қатынас та ертең тозып, көште қалатыны сондай ақиқат. Олай болса, біріншінің екіншінің күрбандығы ету, жұмсартып айтқанда, ақылдылық па? Кешегі Кеңес империясы, осы жолмен коммунизмге жетпек болды ғой. Алдымен ауыр индустрия деп, артынан қару-жарак өнеркәсібі деп жүріп жарты әлемді жалғыз өзі ластап үлгерді. Бұл жағынан, күмән жоқ, бірінші орында болды. Өткен жол бізге сабак болуға тиісті, еліктегіштіктен бас тартатын уақыт келді.

Әлемдік деңгейге шығу мәселесіне келсек, қарапайым дүниелер өндірумен-ақ әлем дастарханынан өз орнын тауып, үлесін алып отырған көптеген елдер бар. Мәселен, Бразилия тек

кинотуындыларын шығарып сату арқылы қанжығасын майлап отыр. Тіпті сусын шығарып немесе туризм дамытумен де көркейген елдер қаншама. Сусын демекші, өзіміздің ұлттық сусынымыз шұбат, қымызбен «пепси-кола» тәрізді бүкіл әлемді жаулап алуға кім қолды байладап отыр? Қазы-қартамыз ше?

Отарлау салдары мен табиғат апаты жайлы әңгімені қорытар болсақ, табиғат пен халық денсаулығы бірге, бір түйінде күрмелген, оны шешу үкіметіміздің бірінші кезектегі міндет-парызы. Шешу жолдары жайындағы пікір-ұсыныстар төменгі әңгімелерден көрінер.

Қалалар туралы. Адамзаттың ұзак даму жолында құм астында қалмай, бүгінге дейін жеткен көне қалалар санаулы ғана.

Қалалар қалай қалыптасқан деп ой жүгіртсек, олар алдымен азық-түлік пен шикізатқа айырбастайтын заттар өндіруші ретінде дүниеге келген елді мекендер. Біртіндеп, оның өзінде егер мәдени және басқару орталығы бола алса, қалаға айналады еken. Шапқыншылық немесе басқа бір себептерден осы рөлдерінен, әсіресе сауда-саттығынан айрылған қала өз-өзінен тозып, жер бетінен жоғалып отырған.

Мемлекеттің күрделі организмге айналуы, халықаралық байланыс, т.б. осы заманғы жағдайлар қала өсуінің ежелгі занғылығын өзгерткен, әрине. Қазіргі ірі қалалар бір жағынан – мәдениет ошағы, өнер-білім ордасы, екінші жағынан – ауа мен суды ластаушы болып табылады.

Дала өмірінің мән-мағынасын өзгертіп, өзін көк түтінге орап отырған Қазақстан қалаларына тән ерекшелік - олардың басым көпшілігі жер қойнауындағы байлықты өндіруге арналып салынғандығы. Кейбір ақпарат хабарларда бұл қалалар «өндіргіш күштер шоғырланған» қалалар атанып жүр. Қайдағы?! Олар Дала табиғатына орасан зор нұқсан келтіре отырып, «нені, кімге, қандай пайдамен» өндіріп жатыр деген сауалдың көкейіміздің түкпірінде жатары даусыз. Ғалымдардың мақалаларына көз салсак, бұл жағын жіктеп, жіліктеу тұрмак, елімізде әлі өндіргіш күштердің мақсатты жүйесі де жасалмаған сияқты. Ал, кенді қаланың пайдасы мен шығыны туралы «Шикізат шылауынан шығу» мақаласында академик О.

Баймұратов былай дейді: «Екібастұз кен орны, Жамбыл суперфосфат зауыты, Шымкент қорғасын зауыты, Өскемен қорғасын-мырыш зауыты, Қарағанды меткомбинаты сияқты өндіріс алыптарының пайдасымен бірге зияны да жетерлік. Олардың әлеуметтік-экологиялық шығындары таза пайдадан әлдеқайда көп. Ал бұл шығындарды есептеп жатқан ешкім жоқ» («Егемен Қазақстан» газеті, 13 ақпан 1993 жыл).

Тағы бірер мысал. Жуырда теледидардан Қостанай облысы әкімі аузынан естуімізше, осы облыстағы Рудный қаласы темір кенін түгелдей Ресейдің Магнитогор балқыту зауыттарына жөнелтеді екен. Ал ол жақтан басқа дүние тұрмак, бірнеше ай бойы жалақылық ақша да түспей тұр, - деп қиналады әкім. Пайдасы жоқ, бірақ 150 мың тұрғыны бар кеншілер қаласын азық-түлікпен қамтамасыз ету астықты облысқа да онай болмаса керек.

Кенді Алтайдағы асқынған экологиялық апат жайындағы мақаласында («Егемен Қазақстан» газет, 22 қантар 1993 жыл) тілші О. Елубай жаңағыдай пайдасынан зияны анағұрлым мол зауыттарды тілге тиек ете келе, мысал ретінде Өскемендеңі бериллий шығаратын өндіріс орнын келтіреді. Үш мың адам жұмыс істейтін бұл кәсіпорын адам өміріне және қоршаған ортаға өте зиянды металл бериллий өндіреді екен. Бериллий – қорғаныс техникасына қажет металл. Бірақ оған қазір сұраныс жоқ, сондықтан қалаға да, далаға да қайтарымы жоқ шикізатты өндірудің қажеті қанша деген занды сұрақты қояды газет тілшісі. Осы мақаланы діттеп оқыған адамның санаына сонау тұп атамыз түркі жүртү өсіп-өнген бұлақты, қарағайлы, жұмактай таулы аймақта «тыныс тарылып бара жатса» (мақала аты осылай), онда қайда барып жан сақтаймыз және оған кім кінәлі деген сауалдар келері даусыз.

Бар бәле кешегі тоталитарлық империяда екені бәрімізге аян. Жүздеген мың адамды тоғытып даланы ойып қала салған империя, болашақта олар жұмыссыз қалады-ау деп ойламаған шамасы. Эрине, игерудің соңын иемденуге жалғастырудан өзге мақсат қайдан келсін оған.

Жоғарыдағыдай мысалдарды жалғастыра берудің қажеті де

шамалы. Қазақстан қалаларына тән тағы бір ерекшелік – тұтыну тауарларын шығаратын зауыттар аз, ал ауыл шаруашылығына қажетті еңбек құралдарын өндіретін өндіріс орындары тіпті жоқтың қасы. Мысал ретінде ежелгі мәдени, сауда-саттық орталығы, яғни ескі дәстүрмен дамыған Семей қаласын алайықшы. Ауыл шаруашылық бағыттағы облыс орталығында осы салаға қажетті өндіріс құрал-жабдықтарын шығаратын бір зауыт болсайшы.

Бәрі теріс-қағыс. Мәселен, аудан орталықтарында орналасуға тиісті ет, сұт, жұн, тері өндейтін кәсіпорындар облыс орталығында шоғырланған. Цемент, шифер, кірпіш, кабель сияқты негізгі өнімдерінің болымсызы ғана ауылды жерге барады, ал негізгі арнасы «индустріалы қала» деген апандай ауыздарға құйылып жататынын аңғару қын емес.

Қазақстан қалаларының әрқайсысына тән осы кереғар бейімделудің арқасында өміріміздің мәнін, даламыздың сәнін кетірген, мәдени де, сауда-саттық та орталығы емес, тек жер асты байлығы үшін тұрғызылған жасанды қалалар жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай көбейіп отыр. Азық-түлік бәріне керек, ол ол ма, «өндіргіш күштердің» жалақысы басқа еңбеккерлерден әлдекайда жоғары. Көз алдымызда ұлғайып келе жатқан осы қалалардың өсу процесін қалай тоқтату қажет, осыған басты қатыру керек-ау.

Белгілі жәйттерді тізбектеудегі мақсат - ауыл мен қаланың бір-біріне қол ұшын бермей отырғанын, басқаша айтқанда, балға мен орактың тепе-тендік жағдайда тауар алмасуы жоқтығын нақты көрсету еді. Осы күнгі әділетті қатынасты қалпына келтірмей, экономиканы нарықтық қатынасқа көшіруге кірісу, егін екпей жатып, астық оруға дайындалу әрекетін көзге елестетеді.

Жергілікті халыққа бола, ешқандай империя бір қазық та қақпайды. Қайта өлсен өл, өлмесен өрем қап дер. Даламызда орнаған тұтінді қалалардың қандай сый, тарту екендігі тіл тәнірегіндегі дау-дамайда байқалып қалуда. Жок, әнгіме, зауыттарды тоқтатып, қала тұрғындарын бездіру я тұқыртуда емес, сөз өндіріс орындарын батыл да кең ауқымды бағдарлама

жасау арқылы дала өміріне бейімдеп қайта құру туралы болып отыр. Әрине, бұған уақыт та, қаржы да керек. Алайда, неге осы бағыттағы мемлекеттік бағдарламаны көрмейміз, саясатты естімейміз? Міне осы жәйт, көнілге алаң ұялатады. Әлде азыктүліксіз өмір сұруге үйренеміз бе, үйренген күнде де ауылдың көсегесін көгерпей, халықтық қалпынызды қалай сақтамақпyz? Ойланбай көрініз.

Қала мен ауыл, адамның екі қолы тәрізді бір-біріне көмекші, пайдалы болуға тиісті. Бұл қарапайым қағидаға нарықтық экономиканың қосатын шарты екеуінің тұрмыс-әлеуметтік деңгейі бірдей болуы керек. Тенестіру жөнінде әлі әңгіме де жоқ. Ауыл азып, ал көк түтінді қалалар баяу болса да өсіп барады. Өнеркәсіп өнімдері азайып барады деп жылау көп, ал оның ұлт болашағына керекті я керексіз өнім екендігін түстеп, талдап бас қатырып жатқан ешкім жоқ сияқты.

Кәне, өзіміз көп қарайлайтын алдыңғы көштегі елдердің тәжірибесіне көз салайықшы, олардың алдымен ауыл тұрмысын қала деңгейіне көтеріп алғанын көреміз. Содан да болар, озық елдерде бір ауыл еңбеккері 100, ал бұрынғы Кенес одағына қараған елдерде небәрі 10 адамды асырайды екен. Яғни ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігін он есе көтеру үшін алда ұшан-теніз мәселелер тұр. Жаңа зауыттар салғанша (мейлі ол тоңазытқыш, теледидар, т.б. тауарларға арналған болсын), қаржыны жоғарыда айтқан бериллий зауыты сияқты өндіріс орындарын тым болмаса диірмен, малсуарғыш сияқты ауыл жабдықтарын шығаруға қайта құруға төксе, кімге жаман болады?

Апрай, Қытай көршіміз де аграрлық реформаны іске асыру арқылы алға басқанын неге ұмытқанбыз?! Басқаны қайдам, өз басыма агроиндустриялы ел болмай тұрып, қазақ елінің мұқтаждық қыспағынан шыға алмасы, көсегесі көгермесі айдай ақиқат. Бірақ бұл бұрылыстың дұрыстығына баршаның көзі жетіп, ол орындалғанша Ертістің қаншама сұы ағар екен?

«Семей таңы» газеті,
Ақпанның 20, 1993 жыл.

АУЫЛҒА БЕТБҰРЫС БОЛА МА?

«Ұлттық нөмірдің» өткен санында (ақпанның 28, 1993 жыл) осы автордың «Көсегеміз қайтсек көгереді?» атты мақаласы жарияланған еді. Мына төмендегі жарияланым да сондай толғақты түйіннің жалгасы болып табылады.

Ауылдың болашағын ғылыми негізде болжамдап модель жасауға шама, өткенін зерттеп-зерделеуге мұрша болмай жатқан бір алмағайып шақ қазір.

Келелі мәселені арқау еткен әңгіме тарихтан басталатын әдемі дәстүрді бұзбай-ақ, мақаланы өткенді шолудан бастамақпын.

Үстіміздегі ғасырда қазақ ауылы екі бірдей шұғыл бетбұрысқа тап болды: бірінші, 1929 жыл – көшпенділіктен отырықшылыққа отыру, екінші - қазіргі нарықтық қатынасқа көшу кезеңдері.

Бірінші бұрылыштың адам сенгісіз сұрапыл жағдайда өткені белгілі. Қазан төңкерісінен кейін қазақ елі отша шарпыған ұлы дүбір ортасына мықтап түскен-ді. Ешкім ештең түсіне алмаған, әйтеуір бір қауіптің төңгенін сезіп, үнсіз тынған. Елдің үмітін арқалап, жылдар өтіп жатты. Осы 20-шы жылдардың ортасында жазылған «Қартқожа» романына Ж.Аймауытов бас кейіпкері атынан мынадай сауалдарды қояды: «Қазір отырықшы болғаннан қазақ оналып кетеді деп кім кепіл болып, аузы барып айта алар?». Бұлардың жері егінге жарамайды, егін салуды білмейді. Жақсы жерін жұрт (қазақорысты айтады –А.О.) бермейді. Біраз жылда ғұлар қалай күнелтер екен?...».

Міне осындай айықпас қалың тұман арасымен дала өміріне түбегейлі өзгеріс әкелген 1929 жыл да жылжып жеткен ғой. Қазақ қазақ болғалы үзілмей жалғасып келе жатқан көшпелі өмір керуені, алғаш рет осы жылы тоқтаған дүр. Өзен-судың бойындағы шұрайлы жер, қыстауларынан қағылғаны аз болғандай осы жылы ел жайлауға шығу құқынан да айрылған. Осылайша отырықшылыққа жедел көшу саясаты - 1932 жылғы зобалаңды тудырғаны тарихтан аян. Қандай да болмасын

прогрессивтік бетбұрыстың құны оны өткізуге дайындық дәрежесіне тәуелді сияқты.

Мұрның тескен тайлақтай болған заманда көші-керуенді өз еркі, өз сөнімен тоқтату, әрине, мүмкін еместі. Бетбұрыстың біріншісі тарих қойнауына ырғыта салған көшпелі өмір шын мәнінде қазақ халқының бітім болмысында терең із қалдырды. Ұлы керуеннің қыз шолпысы сыңғырындай әсем де жағымды үні, бәлкім, ұлт көкірегінде мәңгі сағынышпен сақталатын, оның құдіреті ғасырлар өтсе де бас игізетін шығар.

Отырықшылыққа бұрылыстан кейінгі жаңа тарихымыз көз алдымында. Қарапайымнан кемелденген социализмге жету жолының ой-шұңқырын түгел көріп, қолайлы да қолайсыз да жақтарына бейімделді қазақ. Қолайлы жақтары дегенде, «тың көтеру» дабырасымен даламызға қаржы төгілген оншакты жылдар түседі еске, өйткені үл демографиялық дүмпу әкелген де жылдар ғой. «Көйлек бөз, көңіл жай» болып, осындай «тасқын» туатын кезең енді қашан келер екен?

Атам заманнан осы ғасырдың ортасына дейінгі қазақ тарихын таразыласақ, бүкіл дала тіршілігінің жеке-дара арнасы ауыл болғанын айдан анық көреміз.

Бұгінде ауыл басынан ол заман өтті, ауыл шаруашылығы көп саланың біріне айналып, жетімшілік жағдайда отыр. Енді оның жалғыз арна бола алмасы анық. Десек те, алып Дағда еншімізде тұрғанда, ауылдың атакәсіп, салт-сана, тіл мен мәдениет бесігі болып қала берері тағы анық. Олай болса, ендігі мәселе қазақ тілі сияқты ауылды да өзіне лайықты орынға көтеруге тіреледі емес пе.

«Ауылды көтеру» мәселесі оң шешілсе, халық саны күрт көбейері сөзсіз, болашаққа сенім, бойға қуат құятын саяси-идеологиялық мәні де зор.

Үл келелі іс қайтсек жүзеге аспақ? Ол үшін алдымен әр ауылды микроэкономикалық тұрғыдағы орталық діңгекке айналдыруды көздейтін ғылыми негізделген жоспар-бағдарламалар дайындалып, қабылдануы керек екені дәлелсіз-ақ айқын. Тұрмыска тәртіп, қоғамға заң қандай қажет болса, нарықтық қатынасқа өту кезеңінде жоспардың да сондай

қажеттігі талассыз. Жоспарсыз-ақ, өз өзінен реттеліп отыру деңгейіне дейін жетілген нарықтық экономика санаулы елдерде ғана бар. Нарықтық ақылды экономиканың өзімізге белгілі икемсіз, топас экономикадан айырмашылығы, «қамшы» мен жалақының орнына, әр пенденің өзім дегенде «өгіз қара күші барын» пайдалануында. Бұкіл елдің қаржысы мен күш-қайратын банк, салық, инвестиция, акция т.б. жүйелер көмегімен бір арнадан екіншіге, екіншіден үшіншіге бағытта, жылдам және аз шығынмен төге білуінде.

Ұсынысты қайталап айтсам, дағдарыстан шығудың төте жолы - дала өмірін барлық бөлшектер айналатын білік тәрізді орталық қазыққа айналдыруға саяды. Оған мүмкіндік беретін жоспар – бағдарлама жасалса, қазіргідей жұмысты ананы бір, мынаны бір қолға алушмен емес, бірегей арқау арқылы, жүйелі түрде атқаруға болар еді. Сонда әрнәрсе суға түскен тастан тараған толқындар сияқты өзінің занды кезегін тауып алмақ. Мысалға, шағын шаруа қожалығына ауадай қажет жабдықтар зауытын салу немесе ауыл өнімдерін өндайтін озық технологияларды сатып алу алдыңғы кезекте, ал автокөлік төртінші, жаңа кен орнын игеру мен ұшақ жасау оныншы кезекте дегендей.

Мазмұны осындай ғылыми негізде жасалған нақты бағдарлама болса, оны іске асыруды неге орындалмайтын арман, я құр қиял деп қарауымыз керек. Осындай жоспарды агроиндустриялық Голландия, Австралия тәрізді елдер іске асырды ғой. Әсіресе, көршіміз Қытайға таңдай қағасыз. Бұл елдер алдыңғы қатарда және табиғатын да тоздырмай отыр.

Қаржы топырақ құнарлығын арттыруға жұмсалса - бұдан артық даму бағыты болуы мүмкін бе? Көсегені көгертер төте жол болса, осы болар-ау. Ауыл шаруашылығын «приоритетті» қылу еліміздің барлық тұрғындарына, әсіресе, жерді еміп үйренген ұлттарға тиімді, сондықтан бұкіл халықтық қолдау табары сөзсіз.

Ғылым мен техниканың биік асуларынан асып, «жолбарыстар» қатарына ілінген елдерге қөз салсақ, олардың бәрі де аядай аймақта кемінде 40-50 млн. халық шоғырланған

елдер екен. Біздің ерекшелігіміз - небәрі 16 млн. адам (халық санын көбейту - маңызды мәселе болатыны сол!) зор кеңістікті иеленіп отырмыз. Яғни жан-жақты дамуға күш жетінкіремейді. Оның қажеті де жоқ. «Айға секіріп аяғын сындырысы келмеген» ел, өз шамасын нақты біліп, приоритетті бағыт тандауды керектігі талассыз ақиқат. Қазақстанда бәріне арқау бола алатын жалғыз бағыт - ауыл шаруашылығы екендігі өткен жылы тағы дәлелденді. Иә, былтыр егін бітік шықпағанда халіміз мұлдем мүшкіл болатын еді. Тек астықтың өзі ғана халықты ашықтырмау, ондаған мың трактор сатып алу сияқты сөгілген дүниелерді бүтіндеуге мүмкіндік берді. Ал осындағы мүмкіндік әкелетін екінші бір шаруашылық саласын, оның өнімі мен шикізатын кім атай алады. Тайталасқа түсе алатын шаруашылықтың, өндірістің басқа саласы жоқ.

Қазақ жерінде орасан зор шығынмен әупірімдеп ұстап отырған кен қазу орындары, оларға бола салынған қалаларға кететін қаржының біраз бөлігі ауылдың көсегесін көгертуге жұмсалса, ең озық технология мен техниканы шетелден дайын күйінде сатып алуға мұршамыз болар еді. Бұл көтерілудің арзан да жедел жолы. Біздегі қазба байлықты өндіру ең жабайы, жыртқыштық тәсілмен орындалып жатқанын бәріміз көріп, естіп жүрміз, бұлай обалды қылғанша, жер асты қазбаларын игеру шегеріле тұрса ше? Өйткені, жер қойнауындағы қазына қашанда болашақ ұрпақтікі деп саналады. Бұл – ешқайда қашпайтын, ең озық технология мен табиғатқа зиянсыз өндірілетін кезеңдерді күтіп жатуға тиісті дәuletіміз емес пе.

Белгілі жәйттерді қайталаудағы мақсат (мақаланың басты мақсаты да) - мемлекеттің экономикалық саясатының іргетасы ауыл болу керек деген ой-пікірді ел құлағына жеткізу. Мұны аңғару оңай, жоғарыда да айтЫЛДЫ.

Қазіргі кезде, жай ғана демеушілік қаржы бөлуге арналған «Ауыл» бағдарламасынан өзге ауылды жаңғырту жайында арнайы жоспар да, жүйе де жоқ. Тым-тырыс. Қазіргі бағытымыздан, керісінше, «индустрія» дегеннің исі аңқиды. Тегі, билік қолдарында тұрған ірі қалалар қысқа көрпені өздеріне тартып, ығыр қылған мағынасыз жолға қайта түсірмей

ме, банк, кредит деген дүниелер соларға икемделіп жатқан жок па? - деген қауіптер туады.

«Егемен Қазақстан» бетінде жарияланған дағдарыстан шығу жолдары қандай?» (9 қантар, 1993, Т.Әбдіразаков) және «Экономика-ел қуаты» (12 қантар, 1993, О.Сәбденов) мақалаларын байымдасақ, екі экономика ғылымдарының докторы да мемлекеттік құрылыш, нарықтық қатынас жайлы көптеген құнды пікірлер айтыпты. Бірақ, қазіргі тіршілігіміздегі ауылдың орны, болашағы қаға берісте қалғаны несі?

«Мемлекетімізді қайта тұлету - рухани болмысымызды қалпына келтірумен байланысты» - деген О.Сәбденов ағамыз осынау әдемі ойын «ол рухани болмысымызды қайта тұлету - дала табиғаты мен ауыл өмірін қалпына келтірумен байланысты» деп жалғастырса керемет болар еді. Бірақ бұған өресі жетпей қалған сияқты, әлде басқа да себептер бар ма, кім білсін.

Қандай болмасын микроэкономикалық бағдарламаны жасауға ғалымдар, оны қабылдауға елжанды парламент мүшелері, іске асыруға кәсіпкер, іскер адамдардың қалың топтары керек. Бәлкім, жалпы халықтық қолдау, белсенді қозғалыс та керек шығар. Амал қанша, еліміздің қазіргі кезеңінде бұлардың болуы, табылуы, ұйымдаса қалуы екіталай нәрсе. Әншейінде «тамырымыздың жайылар жері - ауыл» -десе, астына әр қазақ қол қояды. Іс жүзінде басқа жаққа лағып, кері бағытқа мойын бұрып кетеміз. Неге?!

Ұзақ жылдар жерімізді шикізат өндіру орындары, ойсанамызды отырлау саясаты уласа, одан дін-аман шығу мүмкін бе? Әрине, мүмкін емес. Отарлаумен кірген батыс экономикасы ұлтымыздың ойлау тәуелсіздігі мен сана еркіндігін билеп алғаны сонша, ол тамырымыздан солдырып, танымызыдан айырды. Мәселен, өзімізben тамырлас шығыс елдеріне әлдебір күдікпен жоғарыдан төмен қарауға тырысатын алдамшы дәрежеге жеттік. Реформаны жүзеге асырып, құмырсқадай көп адамға жұмыс пен тамақ тауып берген Қытайдан жатпай-талмай үйренудің орнына, құнды

тәжірибеге сын көзбен қарап, селқос отыруымыз осының мысалы.

Атап айтқанда, бірінші бәле қоғамдық санада, пәлсапалық көзқараста тұр. Адамзат ес біліп, етек жиғаннан бері идеалистік, «құдай бар, жан мәңгі» деген көзқарасты ұстанып келеді. Тек соңғы екі ғасырда ғана материалистік ілім дәуірледі, құдая тәубе, күйрекен социализм кемесімен бірге қайта келмеске кетті. Ал біздің қауым тұк болмағандай, әлі де елес ілім көленкесінде қалып отыр. «Орыс тілі арқылы коммунизмге тезірек жетеміз» немесе «жұмысшы табы жоқ халық өркениетті ұлт бола алмайды» тәрізді жалған материалистік пікірлерді өмірдің өзі жоққа шыгарып отырса да, бұкіл дүниежүзі халықтары ұстанып отырған идеалистік бағытқа бұрылуға асығар емеспіз. Құдайшылық көзқарастың материалистік емес рухани биіктікті уағыздайтыны белгілі. Шынтуайтында үл бағыт ежелгі ұлттық пәлсапамызға қайта оралу ғана.

Екінші мәселе - мәдениет. Адам атына лайықты орта жасау және ой-сана толысуы үшін адамзат ежелден екі мәдениет арнасына арқа сүйеген. Біріншісі – әдет-ғұрып, өнер, білім, тәrbие тәрізді жолдармен келетін зайырлы мәдениет, екіншісі – «Жаратушы – жалғыз, оған құлшылық ету - парыз» деп санаға сінетін дін мәдениеті. Екіншісі – шын мәнінде бұкіл халықтық мәдениет. Үл мәдениеттен макрұм ел ұлт болып жарытпайды.

Үл алғашқы діни ескерткіш - Египет пирамидасы тұрғызылған дәуірден бері дәлелденіп келе жатқан жәйт. Сайын даламыздағы «пирамидалар» - сак, ғұн обалары. Тәңіріге табынған көшпендейлер обаларында археологтарды ең таңқалдырған нәрсе – діншілдік. Айтып жеткізе алмайтын дәрежедегі Жаратушыға деген зор сенім, сана-сезіммен орындалған жерлеу рәсімі. Еске түсірсек, көшпендейлердің осы алғашқы толқыны әлемге әйгілі «көшпендейлер мәдениетін» жасаған-ды. Үл - ата-бабамызға дін мәдениеті көп дарымаған деп білетін мырзаларға жауап.

Мемлекеттік идеология қажет деген ой -шолуымызды

қорытындылайық. Экономика өрлеуі - рухани өрлеуге тәуелді. Гәп ауыл тұрғындарының қала пролетариатына теңелуінде немесе жастарды қалаға тартуда (қазақ баласы неге кең даланы тар көшеге айырбастауға тиісті?) емес, қалада, ауылда, өз жеке отбасында болсын адамгершілікті алтындау бағалайтын орта жасау мүмкіндігін туғызу да. Санада сірекен докторлардан тазарып, өз топырағымызды туған ой-сана жүйесін қалпына келтірсек қана еліктегіштіктен арылып, пешенемізге бұйырған сара жолымызға түсе аламыз.

Мақала басында ауыл екінші тарихи бетбұрыс қарсаңында дедік. Алғашқы бұрылыс қарсаңында Жұсіпбек ағамыз қойған сауалдар, иншалла, қазір жоқ. Бұл заман-еркіндіктің заманы. Ауыл адамдары алдында меншік формасын тандау мәселесі тұр. Нәк осы танда, ауыл еңбеккеріне меншіктің қай түрі болса да тиімсіз. Себебі, жекеменшік қожалыққа өнім өндіруге қажет техника мұлде жоқ, ұжымдық шаруашылықтағы құрал-жабдық тозып барады, жаңасы удай қымбат. Яғни ауылдың ырқы өз қолында емес, таяу болашакта өндіріс құралын сататын «ағасы» қалай бұрылса, сол жаққа беттемек. Ал алдағы уақытта, егерде ауыр өнеркәсіп шылауынан шығатын жағдай туса, ауыл шаруашылығында жекеменшік қожалықтары үстемдік құрары сөзсіз. Өйткені, бұл меншік формасы адамның жеке басының еркіндігіне әкеледі ғой. Ал жалпы заңға сүйенген ізгілікті қоғам меншіктің қай түрі болмасын жатырқамауға тиісті, олардың өзара жарыс арқылы бірін-бірі толықтырып отырары хак.

Нарықтық қатынасты бетке ұстап жүрер жолдың өзі тармақталса, әр ел өзіне ең тиімді - табиғатын, халық денсаулығы мен санын, мәдениетін т.б. қымбатты қазыналарын сақтап қалатын жол тармағын таңдайтыны занды.

Көсегемізді көгертер жол - ауылдың еңбек өнімділігін, әлеуметтік тұрмысын, мектебін, мәдениетін көтеруге арналған мемлекеттік бағдарлама жасап, оны іске асыру болып көрінеді маған. Мұны шамам келгенше дәлелдеп